«8D02201 – Саяси философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Қожан Алмат Әмірбекұлының «Заманауи Қазақстандағы жаңа өркениеттік үдерістерді философиялық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	«8D02201 – Саяси философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын ресми докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс. Диссертациялық жұмыс ешқандай мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.

		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның **маңыздылығы ашылған**/ашылмаған.	Пікір беріліп отырған Қожан Алмат Әмірбекұлының диссертациялық жұмысы қазіргі Қазақстанның өркениеттік даму ерекшеліктерін философиялық тұрғыдан талдауға арналған маңызды ғылыми еңбек болып табылады. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы ең алдымен Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі қоғамдық трансформацияларын өркениеттік тәсіл негізінде жүйелі түрде қарастыруымен айқындалады. Автор қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени, саяси және рухани өзгерістерді тек модернизациялық немесе әлеуметтік-экономикалық үдерістер ретінде емес, ұлттық бірегейлік пен тарихи сананың жаңғыруына негізделген өркениеттік феномен ретінде пайымдайды. Ғылыми зерттеу барысында тақырыпқа қатысты әлемдік және

			отандық философиялық әдебиеттерге жүйелі талдау жасалып, өркениет теорияларының әдіснамалық мүмкіндіктері Қазақстанның қазіргі даму үдерістері аясында сараланған. Ұсынылған теориялық тұжырымдар мен қорытындылардың дәйектілігі, қазақстандық өркениеттік дамуды эволюциялық-синтездік модель ретінде негіздеуі және Қазақстанның Шығыс пен Батыс өркениеттері арасындағы мәдени-өркениеттік кеңістіктегі орнын философиялық тұрғыдан пайымдауы диссертацияның ғылыми маңыздылығын арттыра түседі. Сонымен қатар, зерттеу барысында Қытай, Жапония, Малайзия, Индонезия және Сингапур елдерінің өркениеттік даму тәжірибелеріне жүргізілген салыстырмалы талдау Қазақстанның өркениеттік даму моделін жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік философия, саяси философия және өркениеттану салаларындағы теориялық ізденістерді толықтырып, отандық ғылыми дискурсқа өзіндік үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	**Жоғары.** Жұмыстың мазмұны мен құрылымына жүргізілген талдау нәтижесінде автордың өзі жазу деңгейі жоғары деп бағаланды. Диссертацияда ғылыми әдебиеттер кеңінен пайдаланылып, дереккөздер мен ғылыми сілтемелер зерттеу мазмұнына сәйкес орынды қолданылған. Зерттеу мәтіні ғылыми стильде жазылған, ойлар жүйелі, дәлелді және логикалық бірізділікпен берілген. Диссертация авторы өз зерттеуінде қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістерді философиялық тұрғыдан қарастырып, олардың ұлттық даму логикасындағы орнын, құндылықтық бағдарларын және өркениеттік ерекшеліктерін жан-жақты талдаған. Зерттеуде өркениет феномені, жаһандану, вестернизация, ұлттық бірегейлік, Еуразиялық өркениет және өркениеттік даму

			модельдері мәселелері кеңінен қарастырылған. Автор ғылыми мәселені терең талдап, зерттеу әдіснамасын тиімді қолдана білген және зерттеу нәтижелері бойынша өзіндік ғылыми тұжырымдар ұсынған. Диссертация мазмұны автордың ғылыми-зерттеу мәдениетінің қалыптасқанын және зерттеу мәселесін дербес зерделеу қабілетінің жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеуші мәселені тек сипаттап қана қоймай, оған қатысты өзіндік теориялық тұжырымдар мен ғылыми пайымдауларын ұсына отырып, қазақстандық өркениеттік дамуды эволюциялық-синтездік модель ретінде негіздеуге талпыныс жасаған. Қазақстанның Шығыс пен Батыс өркениеттері арасындағы мәдени-өркениеттік кеңістіктегі орнына философиялық талдау жүргізіп, Азия елдерінің даму тәжірибелерін салыстырмалы тұрғыдан қарастыруы автордың зерттеу мәселесін терең меңгергендігін көрсетеді. Автордың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми еңбектері де диссертациялық жұмыстың өзі жазу қағидатына толық сәйкес келетіндігін айқындайды. Диссертанттың зерттеу барысында қалыптасқан өзіндік ғылыми ұстанымы мен қорытындылары жұмыстың барлық бөлімдерінде жүйелі түрде көрініс тауып, концептуалдық деңгейде негізделген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	**Жеткілікті негізделген.** Диссертация авторы зерттеу тақырыбының өзектілігін қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістерді философиялық тұрғыдан зерделеу қажеттілігімен негіздейді. Тәуелсіздік жағдайында қалыптасқан әлеуметтік-мәдени, саяси және рухани өзгерістерді өркениеттік даму контексінде қарастыру қазіргі философиялық ғылым үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Осыған байланысты зерттеу

			жұмысы Қазақстан қоғамының дамуындағы тарихи сабақтастық, ұлттық бірегейлік, жаһандану және мәдени трансформация үдерістерін ғылыми тұрғыдан пайымдауға бағытталған. Зерттеу жұмысында қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістердің мазмұны мен ерекшеліктері жан-жақты қарастырылып, олардың қоғамдық дамудағы орны мен маңызы теориялық және әдіснамалық деңгейде негізделген. Автор өркениеттік дамуға қатысты ғылыми көзқарастарды саралай отырып, мәселенің әлеуметтік философия мен өркениет философиясының өзекті зерттеу нысанына айналу алғышарттарын дәйекті түрде ашып көрсетеді. Жұмыстың жалпы құрылымы оның өзектілігімен іштей үндескен. Соның нәтижесінде зерделеніп отырған мәселе бойынша автор тұжырымдамалық және әдіснамалық негіз қалыптастыра алған. Диссертациялық жұмыста таңдалған тақырыптың өзектілігі мен оны философиялық тұрғыдан зерттеу қажеттілігі тиісті ғылыми деңгейде, ішкі бірлік принципі негізінде айқындалған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Пікір беріліп отырған диссертациялық зерттеу жұмысында берілген тақырыптың мазмұны толықтай ашылған. Жұмыстың тараулары мен бөлімдерінде зерттеу тақырыбына сәйкес қойылған мақсаттар мен міндеттер жүйелі түрде қарастырылып, тиісті ғылыми талдау жүргізілген. Диссертацияда қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістердің теориялық-әдіснамалық негіздері, олардың қалыптасу ерекшеліктері мен даму бағыттары кешенді түрде зерделенген. Сонымен қатар, зерттеу барысында қарастырылған мәселелер өзара сабақтастықта талданып, тақырыптың негізгі мазмұнын ашуға бағытталған.

			Жұмыстың құрылымы мен мазмұны зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Диссертацияда қарастырылған мәселелердің логикалық бірізділікпен берілуі, теориялық пайымдаулар мен қорытындылардың өзара байланысы зерттеу тақырыбының мәнін толық ашуға мүмкіндік берген. Осыған байланысты диссертацияның мазмұны тақырыппен толық үйлесіп, оның ғылыми аясын нақты айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертант жұмыс алдына қойылған мақсат пен міндеттерді ғылыми тұрғыдан негіздей отырып, зерттеу барысында жүйелі түрде жүзеге асырған. Мақсаты мен міндеттері диссертациялық жұмыстың тақырыбына толық сәйкес келеді. Әрбір бөлім қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістердің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауға, олардың даму ерекшеліктерін талдауға және әлемдік өркениеттік тәжірибелермен сабақтастығын көрсетуге бағытталған. Зерттеуде өркениеттік дамудың теориялық-әдіснамалық негіздері, жаһандану жағдайындағы Қазақстанның өркениеттік ерекшеліктері, ұлттық бірегейлік мәселелері, Еуразиялық кеңістіктегі орны және Азия елдерінің даму тәжірибелері логикалық бірізділікпен қарастырылған. Жұмыстың құрылымдық бөлімдері зерттеу нысанын әлеуметтік философия мен өркениет философиясы аясында кешенді талдауға мүмкіндік беріп, зерттеу барысында қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Ізденуші алдына қойылған тақырыпқа сәйкес мақсаты мен міндеттерін жүйелі әрі дәлелді тұжырымдап, оларды жүзеге асыру барысында тұтастық пен логикалық сабақтастық қағидаларын сақтаған.

		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Жұмыс жоспары зерттеу тақырыбына сәйкес жасалған және диссертациялық зерттеулерге қойылатын ғылыми-теориялық және әдіснамалық талаптарға толық жауап береді. Диссертациялық зерттеу жұмысында оның барлық бөлімдері өзара тығыз логикалық және мазмұндық байланыста қарастырылған. Зерттеу құрылымында теориялық-әдіснамалық мәселелерден бастап Қазақстанның өркениеттік даму ерекшеліктерін талдауға, одан әрі әлемдік және азиялық өркениеттік тәжірибелермен салыстырмалы зерделеуге дейінгі мәселелер бірізділік қағидасы негізінде жүйеленген. Жұмыстың барлық бөлімдерінде ғылыми-әдіснамалық сабақтастық пен мазмұндық тұтастық сақталған. Зерттеудің негізгі идеялары мен тұжырымдары диссертацияның әр тарауында өзара байланыста дамытылып, қорытынды бөлімде жүйелі түрде жинақталған. Құрылымдық жағынан пікір беріліп отырған диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, тарауішілік бөлімдерден, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Оның барлық құрылымдық элементтері зерттеу тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келіп, жұмыстың ішкі бірлігі мен логикалық тұтастығын қамтамасыз етеді.
		1) **толық байланысқан**;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Зерттеу жұмысында өркениет мәселесіне қатысты әлемдік және отандық ғылыми еңбектер жан-жақты сараланып, олардың теориялық-әдіснамалық ерекшеліктері мен ғылыми маңызы анықталған. Автор зерттеу тақырыбына қатысты қалыптасқан негізгі философиялық тұжырымдамалар мен ғылыми көзқарастарға сыни талдау жасап, олардың Қазақстанның қазіргі өркениеттік даму үдерістерін түсіндірудегі мүмкіндіктерін бағалаған. Диссертациялық жұмыста әртүрлі ғылыми бағыттар мен теориялық
		1) **сыни талдау бар;**	

		2) талдау ішінара жүргізілген;	ұстанымдар салыстырмалы тұрғыдан қарастырылып, автордың өзіндік ғылыми пайымдаулары компаративистік талдау негізінде негізделген. Әлемдік өркениет теорияларының қағидалары Қазақстан қоғамының қазіргі даму ерекшеліктерімен сабақтастырыла отырып зерделенген. Автор ұсынған тұжырымдар мен қағидалар бұрыннан белгілі теориялармен салыстырылып, олардың әдіснамалық мүмкіндіктері мен шектеулері сараланған. Осы негізде қазақстандық өркениеттік дамудың ерекшеліктеріне қатысты өзіндік көзқарастары мен қорытындылары дәйекті түрде негізделген. Бұл тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістерді философиялық тұрғыдан пайымдаудың теориялық көкжиегін кеңейтіп, отандық әлеуметтік философия мен өркениеттану ғылымындағы ғылыми ізденістердің дамуына өзіндік үлес қосады.
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ізденушінің зерттеу жұмысындағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Автор зерттеу барысында қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістерді философиялық тұрғыдан талдаудың жаңа тұжырымдамалық қырларын ұсына білген. Диссертациялық зерттеуде мәселенің тек теориялық емес, әлеуметтік-философиялық және әдіснамалық аспектілері де қарастырылып, автор өз көзқарасын ғылыми тұрғыдан дәйекті негіздеген. Автордың ғылыми жұмысы қазіргі Қазақстанның өркениеттік даму ерекшеліктерін, ұлттық бірегейлік пен жаһандану жағдайындағы мәдени трансформация үдерістерін терең талдай отырып, жаңа теориялық тұжырымдар мен философиялық қағидаларды ұсынады. Зерттеу нәтижелері дәстүрлі модернизациялық және өркениеттік тұжырымдамалардан ерекшеленіп, Қазақстанның өркениеттік
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25–75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			дамуын тарихи сабақтастық, мәдени синтез және эволюциялық жаңғыру тұрғысынан пайымдауға бағытталған. Сонымен қатар, диссертацияда ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен әдіснамалық ұстанымдар қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістерді зерттеу саласындағы ғылыми жаңалық ретінде бағалануға лайық және әлеуметтік философия мен өркениеттану ғылымдарының дамуына өзіндік серпін береді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25–75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа және теориялық-әдіснамалық тұрғыдан жеткілікті деңгейде негізделген дәйектемелерге сүйенеді. Жұмыста ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістерді философиялық тұрғыдан кешенді зерделеуге бағытталған және оларды әлеуметтік-философиялық талдаудың жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу қорытындылары нақты теориялық және әдіснамалық негізде қалыптастырылған әрі қазіргі әлеуметтік философия мен өркениеттану ғылымдарының өзекті мәселелерімен сабақтастықта қарастырылған. Автор ұсынған қорытындылар Қазақстанның өркениеттік даму ерекшеліктерін, ұлттық бірегейлік пен жаһандану жағдайындағы мәдени трансформация үдерістерін жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, диссертацияда жасалған тұжырымдар қазіргі Қазақстанның өркениеттік дамуын түсіндірудің теориялық мүмкіндіктерін кеңейтіп, осы бағыттағы ғылыми зерттеулердің одан әрі дамуына негіз бола алады.

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25–75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Жұмыстың теориялық негіздері мен қорытындыларын ғылыми зерттеулерде, әлеуметтік философия, саяси философия және өркениеттану салаларындағы әдіснамалық ізденістерде басшылыққа алуға болады. Бұл тұрғыдан алғанда, зерттеу әдіснамалық қағидаттары жағынан жаңа болып табылады. Қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістерді философиялық тұрғыдан талдау, оларды ұлттық бірегейлік, жаһандану және мәдени трансформация мәселелерімен сабақтастықта қарастыру зерттеудің ғылыми жаңалығын айқындайды. Автор ұсынған тұжырымдар қазіргі қоғамдық дамуды өркениеттік тәсіл негізінде пайымдаудың теориялық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның өркениеттік даму ерекшеліктерін, мәдени және құндылықтық өзгерістерді талдауда әдіснамалық бағдар ретінде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, жұмыста ұсынылған ғылыми қағидалар философия, мәдениеттану, саясаттану пәндері бойынша оқу үдерісінде, арнайы курстар мен ғылыми зерттеулерде пайдалануға лайық. Диссертациялық жұмыстың теориялық тұжырымдары қазіргі қоғамдық үдерістерді философиялық тұрғыдан зерделеуге бағытталғандықтан, алынған нәтижелерді әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың әртүрлі салаларындағы зерттеулерде қолдануға мүмкіндік бар.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеге	Ізденушінің диссертациялық зерттеуінде ұсынылған негізгі қорытындылар ғылыми негізділігімен ерекшеленеді және жұмыстың теориялық-әдіснамалық аппаратына толық сәйкес келеді. Қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістерді философиялық тұрғыдан талдау арқылы зерттеуші қоғамдық дамудың әлеуметтік-мәдени, саяси және рухани қырларын кешенді

		н (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	түрде пайымдап, олардың өзара байланысын ашып көрсетеді. Бұл қорытындылар әлеуметтік философия мен өркениет философиясының өзекті мәселелерін ғылыми тұрғыдан пайымдауға және олардың теориялық мазмұнын тереңдетуге мүмкіндік береді. Зерттеуде пайдаланылған ғылыми әдебиеттер, теориялық тұжырымдамалар мен әдіснамалық ұстанымдар негізінде жасалған нәтижелер логикалық тұрғыдан жүйелі және ішкі бірізділікпен дәлелденген. Автордың қорытындылары зерттеу барысында қарастырылған мәселелерді кешенді талдау нәтижесінде қалыптасып, ғылыми дәйектілік қағидаларына сәйкес негізделген. Осылайша, диссертациялық жұмыста ұсынылған қорытындылар өзектілігімен, теориялық тереңдігімен және ғылыми дәйектілігімен ерекшеленіп, қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістерді философиялық тұрғыдан пайымдаудың ғылыми негіздерін кеңейтуге мүмкіндік береді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін	7.1. Дәлелденді. Зерттеуші қорғауға 6 ғылыми қағидат ұсынған. Аталған қағидаттар диссертацияның тақырыбына сәйкес келіп, оның мазмұнынан теориялық, әдіснамалық және логикалық тұрғыдан туындайды. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер зерттеу барысында алынған нәтижелерге негізделіп, автордың ғылыми ізденістерінің қорытындысы ретінде ұсынылған. Ұсынылған қағидаттар жұмыста қарастырылған мәселелерді жүйелеуге және зерттеу міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. 7.2. Жоқ. Автор қорғауға шығарылған қағидаттарды қазіргі

		тексеру мүмкін емес.	Қазақстандағы өркениеттік үдерістерді философиялық тұрғыдан талдау негізінде тұжырымдаған. Ұсынылған ережелер белгілі ғылыми көзқарастарды қайталаумен шектелмей, зерттеу мәселесіне қатысты авторлық пайымдаулармен толықтырылған 7.3. Жаңа. Зерттеуші қазіргі Қазақстандағы өркениеттік даму мәселелерін философиялық тұрғыдан қарастыруға қатысты бірқатар тұжырымдарды жүйелеп, олардың теориялық және әдіснамалық қырларын нақтылаған. Ұсынылған қағидалар зерттеу тақырыбын жаңа қырынан пайымдауға мүмкіндік береді. 7.4. Қолдану деңгейі кең. Қорғауға шығарылып отырған диссертациялық зерттеу нәтижелерінің қолданылу аясы жеткілікті кең болып табылады. Олар әлеуметтік философия, саяси философия, мәдениеттану және өркениеттану салаларындағы зерттеулерде, сондай-ақ жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде қолданылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері қазіргі қоғамдық даму үдерістерін, ұлттық бірегейлік пен мәдени трансформация мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерделеуде әдіснамалық маңызға ие. 7.5. Иә. Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалаларда көрініс тапқан. Жарияланған еңбектер диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны мен ғылыми қағидаларын қамтып, зерттеу нәтижелерінің ғылыми ортада талқылануына мүмкіндік берген.
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	

		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Әдіснаманы қолдану зерттеудің мазмұнын ашуға толық негізделген және диссертациялық жұмыстың теориялық-әдіснамалық талаптары мен алға қойылған мақсат-міндеттеріне сәйкес келеді. Жұмыс барысында автор компаративистік, тарихи-философиялық, аксиологиялық, герменевтикалық және жүйелік талдау әдістерін зерттеу мақсатына жетудің тиімді құралы ретінде орынды пайдаланған. Аталған әдістер арқылы қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістерді философиялық тұрғыдан зерделеуде дәйектілік қағидаты сақталып, зерттеудің ғылыми нәтижелілігі қамтамасыз етілген.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертацияда ұсынылған теориялық қорытындылар мен ғылыми тұжырымдар өзара логикалық байланыста беріліп, жеткілікті деңгейде негізделген. Автор зерттеу барысында қарастырылған мәселелерді қазіргі ғылыми әдіснамалық ұстанымдар негізінде талдап, оларға сыни тұрғыдан баға берген. Сондықтан бұл тармақ бойынша «иә» деген жауапқа сәйкес келеді.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Жұмыстағы теориялық қорытындылар мен нәтижелер зерттеудің философиялық сипатына сәйкес ғылыми әдебиеттерге, өркениет теорияларына, тарихи-философиялық тұжырымдамаларға және әлеуметтік-мәдени үдерістерді талдау нәтижелеріне негізделген. Диссертант аталған дереккөздер мен теориялық негіздерді пайдалана отырып, өзіндік ғылыми пайымдаулар мен қорытындылар қалыптастырған. Зерттеу гуманитарлық ғылымдар саласына жататындықтан, алынған нәтижелер эксперименттік деректерге емес, теориялық талдау мен ғылыми дәйектеулерге сүйенеді.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және **сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Жұмыстың негізін құрайтын негізгі тұжырымдар мен мәлімдемелер зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттермен және нақты дереккөздерге жасалған сілтемелермен жеткілікті деңгейде расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі **әдеби шолуға**	Жұмыстың негізін құрайтын тұжырымдар тиісті ғылыми әдебиеттермен, оның ішінде философия, мәдениеттану, әлеуметтік философия және өркениеттану салаларындағы отандық және

		жеткілікті/жеткіліксіз.	шетелдік ғалымдардың еңбектерімен жан-жақты расталған. Диссертацияда пайдаланылған 173 дереккөз құрамында классикалық және заманауи өркениет теорияларына, ұлттық бірегейлік мәселелеріне, жаһандану үдерістеріне және Қазақстан қоғамының даму ерекшеліктеріне қатысты ғылыми еңбектер кеңінен қамтылған. Бұл әдебиеттер зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізделуін қамтамасыз етіп, әдеби шолу үшін жеткілікті деңгейде деп бағалауға мүмкіндік береді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	Диссертациялық зерттеудің теориялық және практикалық құндылығы қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістерді философиялық тұрғыдан кешенді талдауға негізделген тұжырымдар мен қағидалардың қоғамдық дамудың әлеуметтік-мәдени және рухани мәселелерін ғылыми тұрғыдан пайымдауға бағытталуында көрініс табады. Зерттеу нәтижелері философия, мәдениеттану, саясаттану және өркениеттану салаларындағы ғылыми ізденістерде, сондай-ақ жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдар ұлттық бірегейлік, мәдени трансформация және қоғамдық жаңғыру мәселелерін талдауға әдіснамалық негіз бола алады. Осы тұрғыдан алғанда, диссертация нәтижелері қазіргі Қазақстан қоғамының өркениеттік даму ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан түсіндіруге және әлеуметтік-гуманитарлық білімнің дамуына өзіндік үлес қосады.
		9.2Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада	Иә. Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы оның теориялық қағидалары мен қорытындыларын ғылыми-зерттеу және білім беру салаларында пайдалануға болатындығымен анықталады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы

		қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ.	философия, мәдениеттану, саясаттану және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқыту барысында теориялық және әдіснамалық материал ретінде қолдануға болады. Жұмыстың практикалық маңызы қазіргі қоғамдық даму үдерістерін, ұлттық бірегейлік пен мәдени өзгерістер мәселелерін ғылыми тұрғыдан талдауда көрініс табады.
		9.3Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; **2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	**Ішінара жаңа.** Зерттеу барысында ұсынылған практикалық ұсынымдар қазіргі Қазақстандағы өркениеттік даму үдерістерін, ұлттық бірегейлік пен мәдени трансформация мәселелерін ғылыми тұрғыдан түсіндіруге бағытталған. Зерттеу нәтижелері қоғамдық дамуды философиялық тұрғыдан пайымдаудың әдіснамалық мүмкіндіктерін кеңейтіп, оларды білім беру, ғылыми зерттеу және әлеуметтік-гуманитарлық талдау салаларында қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ұсынылған қағидалар қазіргі Қазақстан қоғамының өркениеттік даму ерекшеліктерін бағалауда және қоғамдық-гуманитарлық зерттеулер жүргізуде пайдаланылуы мүмкін. Осылайша, диссертацияның практикалық ұсыныстары белгілі ғылыми тұжырымдамаларға сүйене отырып әзірленгенімен, оларды қазіргі қоғамдық даму жағдайымен сабақтастыра қарастыру зерттеудің практикалық маңызын арттыра түседі.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	**Жоғары.** Пікір беріліп отырған диссертациялық жұмыстың жазылу және рәсімделу сапасы академиялық жазу талаптарына сәйкес келеді және жоғары деңгейде деп бағалауға болады. Жұмыста ғылыми стиль сақталған, зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми терминдер мен категориялық аппарат орынды қолданылған, тұжырымдар мен қорытындылар дәйекті түрде берілген. Диссертацияның мазмұны логикалық тұрғыдан жүйеленіп, ғылыми

			зерттеулерге қойылатын негізгі талаптар сақталған. Жұмыстың техникалық рәсімделуі, ғылыми аппараты және пайдаланылған әдебиеттерді рәсімдеу деңгейі диссертациялық зерттеулерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Диссертацияда Қытай, Жапония, Малайзия, Индонезия және Сингапур тәжірибелері кеңінен қарастырылған. Дегенмен жекелеген бөлімдерде аталған елдердің өркениеттік даму ерекшеліктерін Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайымен салыстыра талдау тереңірек жүргізілген жағдайда зерттеудің салыстырмалы әлеуеті арта түсер еді. 2. Жұмыста өркениет, өркениеттік даму, өркениеттік модель, өркениеттік бірегейлік сияқты ұғымдар кеңінен қолданылады. Осыған байланысты кейбір теориялық бөлімдерде аталған категориялардың арақатынасын нақтылай түсу зерттеудің ұғымдық аппаратының анықтығын күшейте түсер еді. 3. Қорытынды бөлімде зерттеу нәтижелерінің практикалық қолданылу мүмкіндіктері мен болашақ зерттеу бағыттарына қатысты ұсыныстарды кеңірек көрсетуге мүмкіндік болған. Алайда, аталған ескертулер диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығы мен негізгі нәтижелеріне әсер етпейді. Зерттеу жұмысы қойылған мақсат пен міндеттерді толық орындап, қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістерді философиялық тұрғыдан зерделеуге өзіндік үлес қосады. Осы тұрғыдан алғанда, диссертацияның ғылыми және теориялық маңызы жоғары деп бағаланады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы		1. Қазақстанның өркениеттілік дамуындағы жапондық модельдің маңыздылығы // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». – 2024. – Т. 29, № 1 (113). – Б. 196–

	бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		207. – DOI: 10.31489/2024HPh1/196-207. Мақалада Жапонияның өркениеттік даму тәжірибесі мен оның ерекшеліктері философиялық тұрғыдан қарастырылған. Авторлар дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімі, ұлттық мәдени құндылықтарды сақтай отырып модернизацияны жүзеге асыру мәселелеріне талдау жасайды. Зерттеуде жапондық даму моделінің тарихи, мәдени және әлеуметтік негіздері сараланып, оның қазіргі қоғам дамуы үшін маңызы көрсетілген. Мақала диссертацияның негізгі бағыттарының бірі болып табылатын Азия елдерінің өркениеттік даму тәжірибесін зерттеумен тікелей байланысты. Жапонияның өркениеттік даму үлгісін талдау арқылы автор Қазақстанның өркениеттік даму ерекшеліктерін салыстырмалы тұрғыдан пайымдауға және ұлттық даму моделінің мүмкіндіктерін бағалауға ұмтылады. Осы тұрғыдан алғанда, мақала диссертациялық зерттеудің мазмұнын толықтырып, оның теориялық негіздерінің қалыптасуына үлес қосады. 2. The digitalization era: philosophical aspects of technological civilization in modern Kazakhstan // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». – 2025. – Т. 30, № 1 (117). – P. 286–299. Мақалада цифрландыру дәуіріндегі технологиялық өркениеттің философиялық қырлары және оның қазіргі Қазақстан қоғамына ықпалы қарастырылады. Авторлар технологиялық өзгерістердің әлеуметтік қатынастарға, мәдени құндылықтарға және қоғамдық санаға әсерін талдай отырып, цифрландыру үдерісінің өркениеттік маңызын ашуға ұмтылады. Зерттеуде заманауи технологиялық трансформациялардың қоғамның рухани және мәдени дамуымен байланысы философиялық тұрғыдан зерделенген.

			Аталған мақала диссертациялық зерттеудің жаһандану, модернизация және қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістер мәселелерін қарастыратын бағыттарымен тығыз байланысты. Автор технологиялық өркениеттің ерекшеліктерін талдау арқылы қазіргі қазақстандық қоғамның даму үрдістерін философиялық тұрғыдан түсіндіруге үлес қосады. Осы тұрғыдан алғанда, мақала диссертацияда ұсынылған тұжырымдардың теориялық негіздерін толықтырып, зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындай түседі. 3. Formation of Cultural Identity: the Role of Youth in Preserving Kazakh Traditions in the Context of Globalization // Adam Alemi. – 2025. – No. 2 (103). – P. 10–18. – DOI: 10.48010/aa.v103i2.608 Мақалада жаһандану жағдайындағы мәдени бірегейліктің қалыптасуы және қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарын сақтаудағы жастардың рөлі қарастырылады. Авторлар қазіргі қоғамдағы мәдени өзгерістердің ерекшеліктерін талдай отырып, ұлттық дәстүрлердің сабақтастығы мен олардың жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастырудағы маңызын ашып көрсетеді. Зерттеуде мәдени бірегейліктің сақталуы мен дамуының әлеуметтік және рухани алғышарттарына назар аударылған. Аталған мақала диссертациялық зерттеудің ұлттық бірегейлік, мәдени сабақтастық және жаһандану жағдайындағы өркениеттік даму мәселелеріне арналған бағыттарымен тығыз байланысты. Жұмыста қарастырылған тұжырымдар қазіргі Қазақстан қоғамындағы мәдени өзгерістерді және ұлттық құндылықтардың сақталу тетіктерін философиялық тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, мақала диссертацияның теориялық мазмұнын толықтырып, зерттеу тақырыбының өзекті қырларын ашуға ықпал етеді.

			4. Interreligious Dialogue and Cultural Pluralism: The Maturidi Platform of Religious Tolerance in Kazakhstan // Pharos Journal of Theology. – 2025. – Vol. 106, No. 5. – P. 1–12. – DOI: 10.46222/pharosjot.106.52. Мақалада Қазақстандағы конфессияаралық диалог, мәдени плюрализм және діни толеранттылық мәселелері Матуриди дәстүрі негізінде қарастырылады. Авторлар діни төзімділік қағидаларының қоғамдық келісім мен мәдени әртүрлілікті сақтаудағы маңызын талдап, Қазақстан қоғамындағы конфессияаралық өзара түсіністік пен рухани келісімнің ерекшеліктерін көрсетеді. Зерттеуде діни және мәдени әртүрліліктің қазіргі қоғамдық дамудағы рөліне философиялық және мәдени тұрғыдан баға беріледі. Аталған мақала диссертациялық зерттеудің мәдени плюрализм, толеранттылық және өркениеттер диалогы мәселелеріне арналған бағыттарымен өзара сабақтас. Автор ұсынған тұжырымдар Қазақстан қоғамындағы мәдени және рухани әртүрліліктің өркениеттік дамудағы орнын пайымдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, мақала диссертацияның теориялық мазмұнын толықтырып, қазіргі Қазақстандағы өркениеттік үдерістерді түсіндірудің маңызды қырларын ашуға ықпал етеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Зерттеу тақырыбының өзектілігін, диссертацияның ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығын ескере отырып, «8D02201 – Саяси философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Қожан Алмат Әмірбекұлының «Заманауи Қазақстандағы жаңа өркениеттік үдерістерді философиялық талдау» тақырыбындағы зерттеу жұмысы докторлық диссертацияларға қойылатын

			зерттеу жұмысы докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Осыған байланысты Қожан Алмат Әмірбекұлына «8D02201 – Саяси философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Философия кафедрасының доцент м.а., философия докторы (PhD) **Жаныкулов Нурлыбек Оразбаевич**

ҚОЛЫН
РАСТАЙМЫН:
Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті кадр
бөлімінің басшысы

КАДР БӨЛІМІ